

Бекітемін

«Nursultan 77» балабақшасының
меңгерушісі

Д.Т. Табышева



2025-2026ж ж

Хаттама №1

Тақырыбы : «Балабақша – біздің үйіміз.»

Мақсаты : Отбасылық өмірдің рухани адамгершілік негіздерін ашып көрсету.

Откізілген уақыты : 08.09.2025 ж

Барлық бала саны :25

Қатысқан ата- аналар саны : 13

Қатыспағандар : 12

Ата – аналар жиналысының Күн тәртібі :

1. «Балабақша – біздің үйіміз.» баяндама;
2. 2025-2026 жаңа оқу жылының іс жоспарымен танысу;
3. Ата-аналар комитетін сайлау;
4. Әртүрлі сұрақтар;
5. Күз мерекесіне дайындық;

Бірінші мәселе бойынша «Бала естігенін айтады,көргенін істейді»-деп казак халқы бекер айтпаған.Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы зор.Кішкентай сәбиіміз ата-анасының тәрбиешісі,достарының мінезінен ,жүріс-тұрысынан ,сөйлеген сөзінен,әстеген ісінен үлгі алуға тырысады.Бала бойына адамгершілік қасиеттерді ойын ,салт-дәстүрүмақал-мәтелдер ,ертегілер,жұмбақтар арқылы сіңісу ата-анамен тәрбиешілердің басты міндеті.Балабақша мен отбасы арасындағы тығыздық артқан сайын бүлдіршіндеріміздің адамгершілік құнды қасиеттері арта түседі.

Қазақ халқы баланы жастайынан жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла,жолын кеспе»деген ұлағатты тиым сөздерінің мәні зор.Баланың ой өрісі білім мен қоршаған дүниені тануға қызығушылық,талаптанушылық,рухани байлығының бейнесі.Баланың ой-өрісі көбінде ата-ананың ықпалы мен жанұя жағдайымен,қамқорлық етуімен байланысты рухани дамып отырады.Балаға неғұрлым көңіл аударып ,онымен әңгімелессе,айналасындағы заттармен,құбылыстармен таныстырып,соғұрлым оның құмарлығы артып,көп білгісі келеді.

өрісі көбінде ата-ананың ықпалы мен жанұя жағдайымен, қамқорлық етуімен байланысты рухани дамып отырады. Балаға неғұрлым көбіл аударып, дінимен әңгімелесе, дйналасындағы заттармен, құбылыстармен таныстырып, соғұрлым оның құмарлығы артып, көп білісі келеді.

Екінші мәселе бойынша Жаңа оқу жылының іс жоспарымен таныстырып өттім. Балалармен мектепке дейінгі білім беру стандарты бойынша жұмыстар бойынша атқарылатынын атап өттім.

Үшінші мәселе бойынша балалар тізімімен таныстырып, ата-аналар комитеті мүшелерін сайлауды ұсындым. Ата-аналар өзара келісе отырып ата-аналар комитетін сайлады.

1. Асқарова А

2. Амангүрова Ж

3. Иманғазина Н

Төртінші мәселе бойынша Балабақша режимі таңертең 08:00 ден 08:45 ке дейін балабақшаға алып келу керек. Кешке 18:30 ға дейін алып кетуі керек. Балабақша төлемақысын уақытылы кешіктірмей төлеп отру керек және балабақшадан себепсіз қалдырмай, кешіктірмей келуін, балалардың тазалығы туралы айтып өттім.

Бесінші мәселе бойынша Күз мерекесіне дайындық туралы айтылды. Ертенгілігіміз 05.11.2025 ж сағ 9:30 да болады. Топтың арасында Күз-Ханшайымы ұйымдастырылды соған біздің топтан Самағ Дильназ бен Ажгулов Омар шығады.

№1 Ата – аналар жиналысының шешімі :

1. Ата-аналар мен тәрбиешілер арасындағы қарым – қатынысты тығыз сақтау;
2. Балаларға біріге отырып, саналы тәрбие мен саналы білім беру;
3. Ата-аналар комитетінің жұмысын бағалау;

Бекітемін:

«**Нұрғиытай Наурызбайқасымов**»

менгерушісі **Т. Табышева**



2025-2026жж

“Nursultan 77” балабақшасының «Құлыншак» ересек тобының
ата-аналар жиналысы

Хаттама №2

Тақырыбы: «Ата – анамен балабақшаның бала тәрбиесіндегі рөлі»

Өткізген күні: қараша айы 2025 жыл

Қатысқан ата-аналар саны: 10

Қатыспағандар: 14

Ата-аналар жиналысының күн тәртібі:

1. Өткен жиналыс шешімдерінің орындалуы туралы
2. Баяндама «Ата -анамен балабақшаның бала тәрбиесіндегі рөлі»
3. Әр түрлі сұрақтар.
4. Балабақшадағы оқу- тәрбие жұмыстарының нәтижелері

1 Тәрбиеші өткен жиналыста қабылдаған шешімдердің орындалуы туралы аитып өтті. Ата –аналар тарапынан қойылған талаптарды орындалғаны айтылды

Екінші мәселе: баяндама Ата –анамен балабақшаның бала тәрбиесіндегі рөлі

Балаларымыз болашағымыз, бала тәрбиесі еліміздің әлеуметтік дамуының Құрылымының келешегін айқындаушы деп есептейміз. Егемен еліміздің көк туын желбіретер ертеңгі болашақ. Яғни бүгінгі бүлдіршіндер тәрбиесі аса ауқымды. Назар салатын басты мәселенің бірі.

Біздің мемлекетіміз бүгінгі таңда әлеуметтік. Экономикалық және саяси негіздерін жаңа заманға сай жасаушы мемлекет. Мемлекетіміз келешекте жас ұрпақтың еліміздің азаматы болуы үшін отбасына, ойынға, білімге деген Құқықтарын толығымен қуаттап, қабілеттерін барынша жүзеге асыру және үлен жетістіктерге жетуде табанды болуын қалайды.

Бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, біреуден біреуге ықпалы арқалы өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы бастамасын отбасында алса, жалғасы балабақшамен байланысады, яғни бала тәрбиелене отырып білім алады. Отбасы адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады, оның бірі-дүниеге ұрпақ әкелу, екіншісі-дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп, өмір бойы

рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастыру. Отбасы тәрбиесі қоғамдағы өзгерістермен тығыз байланысты, сондықтан ол қоғам мүддесіне қызмет ету тиіс. Отбасы ең алғашқы тұлғаны дамытатын әлуметтік орта. Отбасында баланың тұлғалық қасиетіне ықпал ететін көптеген жағдайлар болады. Мәселен, отбасы мүшелерінің мәдени деңгейі баланың түрлі әлеуметтік құндылықтарды игеріне игі әсерін тигізеді.

Отбасындағы жас ұрпақтың тұлғалық қасиеттерін қалыптасуына ата-ананың отбасы мүшелерінің қарым-қатынасындағы мейірімділік пен махаббат қажет.

3. Әр түрлі сұрақтар.

1 балабақша режимі таңертең 8:45ке дейін алып келу керек немесе тәрбиешіге звандап ескерту керек. Кешке 18:30дейін баланы алып кету керек

2 Балабақша төлемің уақытылы төлеп отыру керек

3 Балабақшаға келмеген жағдайда таңғы 8:30ке дейін ескерту керек

4 себепсіз балабақшадан қалмау керек.

5 Баларадың тазалығын қадағалау әсіресе тырнаққа көңіл бөлу

Төртінші мәселе:

Жаңа жылдық ертеңгілікке дайындық туралы айтылады ертеңгілік 24.12.2025жыл сағат10:00да болатыны туралы, балаларға сыйлықтарды ата-аналар әркімөздері әкелетің болып шешті.

№ Ата – аналар жиналысының шешімі: ата –аналар балаларды уақытында келіп, уақытында алып кету керек екенің қадағалау керек екенің шешті.

Ата аналар балабақша мен тәрбиешімен тығыз қарым-қатынас болатының айтты

Ата-аналарға балабақша ақысын кешіктірмей төлеуге, баланы себепсіз қалдырмау туралы айтылды

4 Балалардың оқу іс- әрекетіндегі жетістіктері айтылып, алдағы мерекелік іс-шараларға дайындық жұмыстары көрсетті

Ата – аналар комитетінің төрайымы Аскарова А

Хатшы Амантұрова Ж

Бекітемін:

«Nursultan» балалар бақшасының
менгерушісі **Т.А. Табышева**



2025-2026жж

№3 Ата-аналар жиналысының хаттамасы

1. Оқу жылының қорытындысы
2. «Жаз мезгілінде баланың денсаулығын нығайту жолдары» (кеңес)
3. «Жаз мезгілінде бала қауіпсіздігі» (жылжымалы папка)

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Тұрсынбай А «2025 -2026ж Оқу жылының қорытындысын» баяндама оқыды. Жарыс сөзге шыққан ата-аналар Амантұрова Жансая баяндама мазмұнын дұрыс айтылғанын айтты.

Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Тұрсынбай А, - Жаз мезгілінде баланың денсаулығын нығайту жолдары мен тәрбие жұмыстарын жүргізетінін айтты.

Үшінші мәселе бойынша бақша медбикесі Қыраубаева А : «Жаз мезгіліндегі бала қауіпсіздігі туралы кеңестер беріп, жылжымалы папкалар көрсетті.

Кеңес:

«Жаз мезгілінде баланың денсаулығын нығайту жолдары»

Тәрбиешісі: Тұрсынбай А кеңес берді.

Жаз мезгілінде балаларды шынықтыру Балаларды жазда шынықтыру, атааналарға баланың ағзасын нығайтуға көптеген мүмкіндік береді. Баланы жүйелі түрде шынықтыру үшін – денсаулығына және көтеріңкі көңіл күйіне қолайлы жағдай туғызу керек. Шынықтыру-ол біріншіден иммунитеті нығайтуға көмектеседі және барлық ауруға қарсы күресетін ағзаның қорғау күшін күшейтеді. Шынықтырылмаған балаларға қарағанда , шынықтырылған балалар аз ауырады, тұмау тию кезінде де қорқынышты емес, сонымен қатар шынықтыру баланың физикалық және ойлау қабілеттерін жоғарлатуға

көмектеседі, жүйе системасын нығайтады. Егер баланы жастайынан шынықтырса, нәтижесі ерекше болады. Бала дәрігерінің айтуы бойынша баланы бір айлық кезінен шынықтырған дұрыс. Шынықтырудың ең қолайлы уақыты – жаз мезгілі. Басқа жыл мезгіліне қарағанда, жаз уақытында шынықтыруды кеңінен қолдануға болады. Жаз кезінде – үйде, бөлмелерде емес, таза ауада шынықтыру шараларын жүргізуге болатын, керемет жыл мезгілі. Балаларды жазғы шынықтыру кезінде комплексті шынықтыру процесстеріне кіреді: су процедурасы, ауамен, күнмен, серуендеу, спорт түрлерімен белсенді айналысу, қимылды-қозғалыс ойындары. Осы барлық сауықтыру шараларын таза ауада өткізу керек. Шынықтыру шаралары баланың денсаулығына жас ерекшелігін сәйкес өткізіледі. Сондықтан жеке жұмыс жүргізіледі. Егер баланың денсаулығында кінәрат болса, онда бала дәрігерінен кеңес алу керек. Жазда су процедурасымен шынықтырғанда балаларды табиғи суларда шомылдырады. Бұл процедура үш жастан, күнделікті біртіндеп бастап үйретеді. Алғашқы кезде бала суда 3-5 минут қана болу керек, содан кейін баланы сүлгімен ұқыпты сүртіп құрғақ киімдер кигізу керек. Әр түскен сайын 3 минуттан көбейтіп отырады. Егер бала шынықпаған болса, суға түсіру процедурасын желді, бұлтты, суық ауарайында суға түсуге болмайды. Жазда балалардың шынықтыру кезінде ауада сауықтыру ұсынады. Ауа арқылы - жазда жасыл өсімдіктер өсетін, таза ауада: бақшада, саябақта, су бойында алуға болады. Бұл барлық жас ерекшеліктердегі балаларға яғни жылы, желсіз, ашық күнді ауа-райында өте пайдалы.

Алғашқы процедура бастағанда үш жасқа дейінгі балаларды 5 минуттан басталады, күнделікті 3 минуттан қосылады. Ауада - баланы шешіндіріп,

жалаңаяқ шөпте немесе құмда жүргізіп, аяғын сүртіп қайтадан аяқ киімін кидіруге болады. Жаз мезгілінде ауаны, күнді қабылдау өте пайдалы. Балаға күн сәулесі өте қажет, ағзаны Д – дәруменімен толтырады. Алғашқы кезде күнде 10 минут, ары қарай күнделікті 2 минуттан қосылып отырады. Бірақ көп уақыт күннің астында жүруге болмайды, өйткені басынан күн өтіп немес күйіп кетуі мүмкін. Күн ауасын таңертең сағат 9. 00 ден 10.00 дейін және сағат 16.00ден 17.00 алуға болады. Күннен қорғайтын крем жағуға кеңес береді. Жаз мезгілінде бала далада көп уақыт жүру керек. Балабақшада таза ауада күніне 2-рет шығады. Егер жаз кезінде бала балабақшада емес, үйде болса аулада құрдастармен әртүрлі ойындар ойнауға болады.

№3 Ата-аналар жиналысының шешімі:

2.Ата-аналар мен тәрбиеші өздеріне қойылған талапты өз деңгейінде орындалды

3.Ата-аналар жалпы жаз мезгіліндегі балаларыңызға қауіпсіздік туралы мәлімет түсінікті деп ойламын